

8-СЫНЫП ГЕОМЕТРИЯ

11-сабақ тапсырмалары: Доғал және тік бұрыш

1-есеп. 60° ; 90° ; 135° ; 150° бұрыштарының синустарын өсу ретімен орналастырыңдар:

2-есеп. 60° ; 90° ; 135° ; 150° бұрыштарының косинустарын өсу ретімен орналастырыңдар:

3-есеп. 60° ; 90° ; 135° ; 150° бұрыштарының тангенстерін өсу ретімен орналастырыңдар:

4-есеп. 60° ; 90° ; 135° ; 150° бұрыштарының котангенстерін өсу ретімен орналастырыңдар:

5-есеп. Доғал бұрыштың синусы 0,8-ге тең. Осы бұрыштың косинусын табыңдар.

6-есеп. Доғал бұрыштың косинусы 0,8-ге тең. Осы бұрыштың синусын табыңдар.

7-есеп. Өрнекті ықшамдаңдар: а) $1 - \sin^2 A$;

ә) $1 + \sin^2 A + \cos^2 A$

б) $\cos^2 A + \operatorname{tg}^2 A \cos^2 A$

8-есеп. Өрнекті ықшамдаңдар: $(1 - \cos A)(1 + \cos A)$

9-есеп. А доғал бұрышы үшін келесі теңдік орынды екенін дәлелдеңдер:

$$\operatorname{tg} A = -\operatorname{tg}(180^\circ - A); \quad \operatorname{ctg} A = -\operatorname{ctg}(180^\circ - A);$$

10-есеп. А сүйір бұрышы үшін келесі теңдік орынды екенін дәлелдеңдер:

$$\sin(90^\circ + A) = \cos A, \quad \cos(90^\circ + A) = -\sin A$$